

**БЕКІТЕМІН**  
**«ШҚО кәсіптік білім беру**  
**орталығы» КММ директорының м.а.**  
**З. Утепова**  
**2022 ж.**



**Шығыс Қазақстан облысы техникалық және кәсіптік білім беру**  
**ұйымдарының бірінші курс студенттері арасындағы**  
**Қазақстан Республикасының тәуелсіздік күніне арналған ағылшын тілі**  
**пәнінен облыстық «Educated generation is the future of the nation»**  
**олимпиадасының**

**ЕРЕЖЕСІ**

Өскемен қ., 2022 ж.

## **I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1 Осы ереже облыстық олимпиаданың (бұдан әрі - Олимпиада) мақсаттары мен міндеттерін, ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстарды жүргізу, қамтамасыз ету тәртібін, қатысу шарттарын, жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтайды.

1.2 Олимпиада Өскемен қаласы, Қ. Бітібаева көшесі 1 мекен-жайында орналасқан “Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі” КМҚК оқу орны базасында өткізіледі. **Олимпиаданың өтетін күні: 20 желтоқсан 2022 жыл. Басталуы сағат 9:00-де.**

1.3 Олимпиадаға Шығыс Қазақстан облысы Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 9-сынып негізінде қабылданған I курс студенттері қатыса алады. Колледжден қатысушылар саны 1 адам.

1.4 Олимпиадаға қатысуға өтінім (№1 қосымша) **2022 жылдың 18-желтоқсанына** дейін олимпиаданы ұйымдастыратын мекеменің **english\_olympiad\_vkkg@mail.ru** электрондық мекен-жайына жіберілу керек.

## **II. ОЛИМПИАДАНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ:**

Олимпиаданың мақсаты – білім алушылардың ағылшын тіліндегі коммуникативтік құзіреттілікті дамыту:

Олимпиаданың міндеттері:

- білім алушылардың ағылшын тілін үйренуге деген ынтасын арттыру;
- ағылшын тілін жоғары деңгейде меңгерген және оларды шығармашылықпен қолдана алатын дарынды білім алушылар үшін оңтайлы жағдай жасау;
- лингвистикалық дарынды білім алушыларды анықтау;
- әр түрлі оқу орындарының білім алушыларды арасында тәжірибе алмасу;
- білім алушылардың интеллектуалды және танымдық қабілеттерін дамыту;
- білім алушылардың шығармашылық қызметін жандандыру.

## **III. ОЛИМПИАДАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

3.1. Олимпиаданы ұйымдастырушылар:

- «Шығыс Қазақстан облысының кәсіптік білім беру орталығы» КММ;
- «Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі» КМҚК;
- тілдер пәндерінің облыстық әдістемелік бірлестігі;

3.2. Олимпиаданы дайындау және өткізу бойынша ұйымдастыру жұмыстарын үйлестіру және жүзеге асыру үшін шетел тілі пәні оқытушыларынан ұйымдастыру комитеті құрылады.

Ұйымдастыру комитетінің қызметі:

- Олимпиада жайлы Ережені жасайды;
- Олимпиадаға тікелей басшылықты жүзеге асырады;
- Олимпиаданың барлық іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етеді;

- Олимпиада тапсырмаларын бекітеді және құпиялылығына жауап береді;
- Олимпиада жұмыстарын бағалау әдістерін және шарттарын дайындайды;
- Олимпиада материалдарының сақталуын қамтамасыз етеді.

3.3. Олимпиаданың қазылар алқасы құрамы ұйымдастыру комитетінің отырысында бекітіледі. Қазылар алқасы – ЖОО, ЖОББМ шетел тілі және арнайы пәндер оқытушылары, ТжКб өкілі.

3.4. Қазылар алқасының төрағасы Олимпиада тапсырмаларын дайындайтын әдістемелік комиссия құрамын қалыптасырады.

Әдістемелік комиссияның қызметі:

- олимпиада материалдарының сақталуын қамтамасыз етеді және құпиялылығына жауап береді;
- ұйымдастыру комитетіне олимпиаданың қорытындысы жайлы есеп береді;
- Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлерін белгілейді;

3.5. Олимпиаданың ұйымдастыру комитеті олимпиаданы өткізу бағдарламасын әзірлейді.

3.6. Олимпиада туралы, жеңімпаздары мен жүлдегерлері туралы ақпарат «Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі» КМҚК сайтында жарияланады.

**3.7. Ұйымдастыру комитетінің мекен-жайы: ШҚО, Өскемен қаласы, Қ. Бітібаева к-сі, 1-үй. Тел: +7 (705)-258-11-84, +7 (705)-653-67-12**

#### **IV. ОЛИМПИАДАНЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ**

4.1. Олимпиада үш кезеңнен тұрады. Бағалау баллдық жүйеде жүргізіледі.

##### **1 кезең.**

**Лексикалық-грамматикалық тест: «How well do I know English?» (1-25 балл)**

Берілетін уақыт –25 минут

##### **2 кезең.**

**Шығармашылық тапсырма: «My contribution to the development of New Kazakhstan» (1-10 балл)**

- үй тапсырмасы
- форматы: еркін
- берілетін уақыт: 3 минут

Бағалау критерилері:

- ұсынудың өзіндік ерекшелігі;
- креативтілігі;
- регламент сақтау;
- тілдік нормаларды сақтау.

##### **3 кезең.**

**Таңдалған тақырып бойынша сөйлеу «Let's speak!» (1-10 балл) (№2 Қосымша)**

Берілетін уақыт: 3 минут

Бағалау критерилері:

- ағылшын тілін меңгеру деңгейі;
- ойлаудың тереңдігі мен сапасы;

- тақырыптың мазмұны мен ерекшелігі;
- уақыт бойынша регламентті сақтау.

4.2. Олимпиада барысында қатысушыларға қойылатын талаптар.

- ұйымдастыру комитеті берген материалдардан басқа материалдарды: анықтамалық әдебиеттерді, электронды құралдарды (ұялы телефон т.б.) пайдалануға тыйым салынады.

- Олимпиада кезінде аудиториядан шығуға рұқсат берілмейді;

Көрсетілген талаптарды сақтамаған жағдайда білім алушы сайыстан шығарылып, жұмысына «0» балл қойылады.

4.3. Олимпиадаға кешіккен және тіркелмеген білім алушылар Олимпиадаға қатыстырылмайды.

## **V. ЖЕҢІМПАЗДАР МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРДІ МАРАПАТТАУ**

5.1. Олимпиада қорытындысы үш деңгейден өткен қатысушылар арасында жүргізіледі.

5.2. Олимпиада жеңімпазы болып үш деңгей тапсырмаларын орындау қорытындысы бойынша үздік көрсеткіш көрсеткен және I дәрежелі диплом алған білім алушы саналады.

Олимпиада жүлдегерлері болып II және III дәрежелі дипломдар алған қатысушылар саналады.

5.3. Олимпиада кезеңдері бойынша үздік нәтиже көрсеткен қатысушылар номинациялар бойынша марапатталады:

- «Master of English»
- «Creative personality»
- «Sensational speaking skills»

5.4. Олимпиада жүлдегерлерін дайындаған оқытушылар алғыс хаттармен марапатталады.

5.5. Олимпиада жеңімпазы мен жүлдегерлерді марапаттау салтанатты түрде өткізіледі.

## **VI. ОЛИМПИАДАНЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ**

6.1. Олимпиадаға қатысуға байланысты шығындар (жол жүру, тамақтандыру) іссапарға жіберуші тараптан қаржыландырылады.

*I-қосымша*

Өтінім үлгісі:

№	Қатысушының Т.А.Ә. ( <i>Ағылшын тілінде</i> )	Оқу орны атауы, курсы	Қатысушыны дайындаған оқытушының Т.А.Ә. ( <i>ағылшын тілінде</i> ), байланыс телефондары

**3-кезеңге арналған тақырыптар**

1. Describe an interest or hobby that you particularly enjoy.
2. Talk about the most used apps that are widespread among youth
3. Talk about advantages and disadvantages of the internet.
4. Describe a place in your country you would recommend others to visit
5. Describe a website that you often use.
6. Describe a beautiful place to visit in your country.
7. Talk about a famous person who would you like to have a conversation with
8. Describe a village or urban area you have visited.
9. Describe an enjoyable day you spent in the countryside.
10. What in your opinion is Independence of the country?
11. Talk about the problem of choosing future profession
12. Describe your favourite city in our country
13. Describe the person in your family who you most admire.
14. Talk about your eating habits
15. Talk about the reasons why do you study English
16. Describe a memorable journey you have made.
17. Describe a situation where you had to communicate in a foreign language for the first time.
18. Talk about the youth favorite style of clothing in modern society
19. Describe something kind that someone did for you.
20. Talk about your future profession you are studying in
21. Describe a language you would like to learn.
22. Do you support or oppose the opinion that cell phones should be prohibited in schools?
23. What in your opinion is more effective: learning in your own or learning with the teacher?
24. Describe one of your favourite movies.
25. Describe a social network that you often use.